



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№13 БАСПАСӨЗ - Р Е Л И З І
2011 жылғы 31 мамыр**

Қаржы нарығындағы жағдай туралы

1. Банк секторы (алдын ала деректер бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің ресми деректері бойынша 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 39 екінші деңгейдегі банктер ұсынған.


1 мамырдағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері сәуірде 88,6 млрд.теңгеге немесе 0,7% өсіп, 12 448,9 млрд.теңге болды.

1 мамырдағы банк секторының жиынтық есептік меншікті капиталы бір айда 57,3 млрд.теңгеге немесе 3,2% өсіп, 1 843,2 млрд. теңге болды.


Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтерінің 32,1% немесе 3 994,7 млрд. теңге болды.

1 мамырдағы жағдай бойынша банктердің несиелік портфелі (банкаралық заемдарды ескере отырып) сәуірде 61,8 млрд.теңгеге немесе 0,7% өсіп, 9 189,0 млрд.теңге болды. Бұл ретте, ҚР резидент еместерінің заемдары ағымдағы жылдың 1 мамырда несиелік портфелінің 1 299,9 млрд. теңге немесе 14,1% болды (1.01.2011ж. осы көрсеткіш 1 803,3 млрд. теңге немесе 14,8%). 1 мамырдағы жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несиелік портфелінің 48,2% немесе 4 427,4 млрд. теңге болды.

Активтер, міндеттемелер және есептелген меншікті капитал



Банктердің несиелік портфелі




1.05.2011ж. екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдар бойынша ақпарат
млрд. теңге

№	Банктің атауы	Несиелік портфелі	ҚР резидент еместердің заемдары	Банк жүйесі бойынша ҚР резидент еместерінің жиынтық заемдарындағы банктің ҚР	Несиелік портфеліндегі ҚР резидент еместерінің заемдар үлесі, %
1	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 275,6	196,4	15,1	8,6
2	"БТА Банкі" АҚ	1 640,7	878,3	67,6	53,5
3	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	1 250,2	102,3	7,9	8,2
4	"АТФБанк" АҚ	840,9	56,4	4,3	6,7
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	756,9	24,7	1,9	3,3
6	"Альянс Банк" АҚ	565,6	15,2	1,2	2,7

7	"KASPI BANK" АҚ	297,1	0,0	0,0	0,0
8	"Еуразиялық Банк" АҚ	249,3	22,1	1,7	8,9
9	"ТЕМІРБАНК" АҚ	207,6	1,4	0,1	0,7
10	"Сбербанк" АҚ ЕБ	205,1	0,0	0,0	0,0
11	"Цеснабанк" АҚ	194,8	1,0	0,1	0,5
12	"Нұрбанк" АҚ	188,8	0,0	0,0	0,0
13	"HSBC BANK ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	94,5	0,4	0,0	0,4
14	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	74,0	-	0,0	0,0
15	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	58,9	-	0,0	0,0
16	"Қазинвестбанк" АҚ	52,9	0,0	0,0	0,0
17	"Delta Bank" АҚ	48,0	-	0,0	0,0
18	"АЛЬФА-БАНК" ЕБ" АҚ	38,8	0,0	0,0	0,1
19	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	36,9	0,0	0,0	0,1
20	"Хоум Кредит Банк" АҚ	16,6	-	0,0	0,0
21	"Астана-финанс" банкі" АҚ	16,0	-	0,0	0,0
22	Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ	12,8	0,0	0,0	0,0
23	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	12,0	0,0	0,0	0,1
24	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	8,3	-	0,0	0,0
25	"Қазинкомбанк" АҚ	7,5	-	0,0	0,0
26	"Банк Kassa Nova" АҚ	6,7	-	0,0	0,0
27	"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	5,2	-	0,0	0,0
28	"Заман-Банк" АҚ	4,1	-	0,0	0,0
29	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	4,0	0,1	0,0	2,8
30	"Кредит Алтын Банк" АҚ	3,3	-	0,0	0,0
31	"Сенім-Банк" АҚ	3,1	-	0,0	0,0
32	"Банк Позитив Қазақстан" АҚ	3,0	0,1	0,0	1,7
33	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕҰ АҚ	2,7	-	0,0	0,0
34	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	2,2	1,3	0,1	58,9
35	Қазақстандағы "Пәкістанның ҰБ" ЕҰ АҚ	2,2	-	0,0	0,0
36	"Al Hilal" Ислам Банкі" АҚ	1,2	-	0,0	0,0
37	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНК" ЕБ АҚ	1,0	0,0	0,0	0,3
38	"Данабанк" АҚ	0,3	-	0,0	0,0
39	"Алматы қ. Қытай СӨБ" АҚ	0,2	0,2	0,0	100,0
Барлығы		9 189,0	1 299,9	100,0	14,1


1 мамырдағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 25,5%, күмәнді – 54,0%, үмітсіз – 20,5% болды.

5 санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдарға жататын кредиттер сомасы (бірыңғай кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)² жиынтық несиенің портфелінің 3 013,3 млрд. теңге немесе 32,8% болды.



² Бірыңғай кредиттердің портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылған провизиялардың сомасы ретінде ескеріледі.

Ағымдағы жылғы 1 мамырдағы төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар 2 431,8 млрд. теңге немесе банктердің несиелік портфелінің 26,5% болды.



1 мамырдағы жағдай бойынша заемдар бойынша провизиялар (резервтер) көлемі 2 855,7 млрд. теңге немесе кредиттік портфелінің 31,1% болды.


1 мамырдағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері сәуірде 37,7 млрд.теңгеге немесе 0,3% өсіп, 11 106,7 млрд. теңге болды. Оның ішінде ҚР резидент еместері алдында міндеттемелері бір айда 219,4 млрд. теңгеге немесе 9,4% өсіп, 2 558,7 млрд. теңгені құрады. ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелердің үлесі ағымдағы жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 23,0% (01.01.2011 жылы осы көрсеткіш 23,9% құрады) болды.

2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЕДБ өтеуге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелері

Атауы	млрд. теңге Сомасы
талап еткенге дейін	203,1
1 айға дейін	102,1
1 айдан бастап 3 айға дейін	36,0
3 айдан бастап 6 айға дейін	57,0
6 айдан бастап 1 жылға дейін	154,5
1 жылдан бастап 2 жылға дейін	236,6
2 жылдан бастап 3 жылға дейін	363,0
3 жылдан бастап 5 жылға дейін	186,5
5 жылдан жоғары	1 163,2
Қаржылық емес міндеттемелер	56,7
ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер	2 558,7

Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 40,6% немесе 4 509,1 млрд. теңге болды.

1 мамырдағы жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалардың (банктерді және арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарын қоспағанда) депозиттерінің жалпы сомасы сәуірде 15,0 млрд. теңгеге немесе 0,2% ұлғайып, 7 253,9 млрд. теңге болды. Заңды тұлғалардың (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдары салымдарының сомасын қоспағанда) салымдарының сомасы 4 874,0 млрд.теңге болды (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдары салымдарының сомасын қоспағанда (клиенттердің салымдарының жалпы сомасының 67,2%)). Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдары 25,0 млрд. теңгені құрады. Жеке тұлғалардың салымдарының сомасы сәуірде 49,1 млрд. теңгеге немесе 2,1% ұлғайып, 2 379,9 млрд. теңге (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдары салымдарының есептемегенде) (салымдарының жалпы сомасының 32,8%) болды. 1 мамырдағы жағдай бойынша шетел валютасында номинирленген клиенттердің салымдары клиенттердің жиынтық салымдарының (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдарын есептемегенде) 32,8% немесе 2 376,3 млрд. теңге болды.



1 мамырдағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты жоғары өтімді активтерінің үлесі 21,6% болды.

Екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 2011 жылғы 1 мамырда 1 122,1 млрд.теңге болды. Шығыстар сомасы – 1 115,2 млрд. теңге (есепті күнге 7,5 млрд. теңге құраған табыс салығын есептемегенде). Банктердің шығыны 1 мамырда – 0,6 млрд. теңге болды.

Сәуірде банк заңнамасын бұзғаны үшін банктерге 3 жазбаша ескерту, 2 міндеттеме хат және 1 жазбаша ұйғарым шығарылды.

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сот шешімімен 2 банк мәжбүрлеп тарату барысында ("Валют-Транзит Банк" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ).

2. Сақтандыру нарығы (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 38 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді, бұл ретте өмірді сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы 7 ұйымда бар, көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру бойынша – 26 ұйымда бар. Сондай-ақ сақтандыру қызмет көрсету нарығында 14 сақтандыру брокері және 79 актуарий қызметін жүзеге асырады.


4 айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық активтері 5,6% өсіп, 1 мамырда 362,4 млрд. теңгені құрады. Жиынтық меншікті капитал 3,7% ұлғайып, 216,4 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру резервтерінің сомасы 126,0 млрд.теңге болды.

1 мамырдағы жағдай бойынша тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 58,8 млрд.теңге болды, бұл 2010 жылғы ұқсас көрсеткіштен 11,8%-ға көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 12,5 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 19,0% өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 16,9 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 48,2% өсуі), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 29,3 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 4,6% азаюы) болды.


«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 мамырда 6,9 млрд. теңге (01.05.2010ж. жағдай бойынша - 4,8 млрд.теңге), ал тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандыру үлесі (2010 жылғы 1 мамырда 9,1% болды) 11,7% болды.

1 мамырдағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 27,4 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 46,6% болды, бұл ретте ҚР резидент еместеріне сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 34,0% қайта сақтандыруға берілді (2010ж. 1 мамырдағы ҚР резидент еместеріне қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 51,1%).

Негізгі көрсеткіштер



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары



2011 жылғы 4 айда тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің көлемі 11,0 млрд.теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 39,2% көп. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 3,9 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 30,0% өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 5,4 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 50,0% өсуі) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 1,7 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 30,8% өсуі) болды.

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Сәуірде сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнама бұзушылығын болдырмау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атына 2 жазбаша ұйғарым, 2 міндеттеме хат жіберді.

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 2 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары («Алтын Полис» СК» АҚ, және «Premier» сақтандыру» АҚ) мәжбүрлеп тарату барысында, 1 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті тарату барысында («Темір Ат» СК» АҚ).

3. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 13 жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істейді, олардың республика аймақтарында 76 филиалдары және 51 өкілдіктері бар.

Зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензияны 13 жинақтаушы зейнетақы қоры иеленеді және барлық 13 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялары бар. Сәуірде жинақтаушы зейнетақы қорларға зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға, сондай-ақ зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялар берілген жоқ.

2011 жылғы 1 мамырда міндетті зейнетақы жарналары бойынша шоттардың саны 2 380,6 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттар сомасымен 8 023 415 болды. Ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 33 633 бірлікке (0,4%), жинақталған зейнетақы қаражаты 128,0 млрд. теңгеге (5,7%) өсті.

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 935 болды. Жыл басынан ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 599 бірлікке (1,5%) төмендеді.


Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 мамырда жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 105,2 млн. теңгемен 4 100 шоты болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы қаңтар-сәуірде 128,1 млрд. теңге (5,6%) өсіп, 2011 жылғы 1 мамырда 2 386,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі қаңтар-сәуірде 119,1 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар (алушылардың) жеке

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) қаңтар-сәуірде 39,1 млрд. теңгеге өсіп, 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 557,1 млрд. теңге болды.

Салымшылар (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2011 жылғы 1 мамырда 23,3% болды.

Зейнетақы төлемдері мен жинақтаушы зейнетақы қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 192,2 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар-сәуірде қорлар алушыларға зейнетақы төлемдерін жалпы сомасы 24,4 млрд. теңгеде жүзеге асырды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 1 126,2 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылғы кезеңде (2006 жылғы сәуір – 2011 жылғы сәуір) - 35,78% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 62,02%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 35,49%;

- 3 жылғы кезеңде (2008 жылғы сәуір – 2011 жылғы сәуір) - 14,27% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 26,31%);

- 12 айға (2010 жылғы сәуір – 2011 жылғы сәуір)- 3,5% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 8,4%).

2011 жылғы 1 мамырда бағалы қағаздардың шығарылымы бойынша эмитенттер дефолт жіберген бағалы қағаздардың үлесі жалпы зейнетақы активтер көлемінің 0,85% болды, абсолюттік көрсетілімде 20,3 млрд.теңге құрады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына 2 жазбаша ұйғарым, 1 міндеттеме хат талап етілді.


2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша соттың шешімімен 2 жинақтаушы зейнетақы қоры: «Валют – Транзит Қоры» ЖЗ» АҚ, «Қорғау» ЖЗҚ» мәжбүрлеп тарату барысында.

4. Бағалы қағаздар нарығы

2011 жылғы 1 мамырда корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымдары бар акционерлік қоғамдар саны қоғамның 2 162 болды. Сондай-ақ нарықта 76 брокер-дилерлер, 10 тіркеушілер, 10 банк-кастодиандар, 16 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдары (ЗАИБЖАҰ), 37 инвестициялық портфельді басқарушылар және 3 трансфер-агенттер жұмыс істейді.

Сәуірде 69 акциялар шығарылымы (акция шығарылымдарын ескере отырып, олардың проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркелім туралы куәлігі ауыстырылған) тіркелді.

Сондай-ақ сәуірде облигациялық бағдарламалар шеңберінде жалпы номиналды құны 5,5 млрд.теңге болатын 1 облигациялар шығарылымы тіркелді. Есепті кезеңде облигациялар өтелмеді. 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қолданыстағы облигациялар бағдарламасының саны жалпы номиналды құны 3 871,8 млрд.теңге болатын бұрынғыша 71 шығарылымдарды құрады.



2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша айналыста мемлекеттік емес қолданыстағы облигациялар шығарылымдарының саны 380 болды, олардың жалпы номиналды құны 5 974,0 млрд. теңге болды.

Бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы инвестициялық пай қорларының саны 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 153 (117 – жабық, 12 – ашық және 24 – аралық) болды. Сондай-ақ есепті күнге 32 акционерлік инвестициялық қорлары жұмыс істеуде.

KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының шығарылымдар саны 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 242 шығарылымдар, «Акциялар» секторы бойынша – 89 шығарылымдар және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым болды.

2011 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 3 жазбаша ұйғарымдар жіберілді және 8 хат-міндеттемелер талап етілді.

5. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының секторы (алдын ала деректер бойынша)




2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 6 ипотекалық ұйымы және 10 банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдары тіркелген.

2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтер сомасы сәуірде 3,6 млрд. теңгеге немесе 2,9% өсіп 120,6 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 сәуірдегі деректермен салыстырғанда жиынтық міндеттемелері 3,6 млрд. теңге немесе 3,9% төмендеп және 89,9 млрд. теңге болды. Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капитал 30,7 млрд. теңге болды.

Есепті күнге ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 74,9 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 сәуірдегі көрсеткіштен 0,5 млрд. теңгеге немесе 0,7% төмен.

Ипотекалық ұйымының кредиттік портфелінің құрылымында 2011 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша стандарты кредиттер үлесі 78% болды, күмәнді – 13,2%, үмітсіз – 8,8%. (2011 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша стандарты



кредиттердің үлесі 78,7%, күмәнді – 12,7%, үмітсіз – 8,6% болды).

2011 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының атына 2 жазбаша ұйғарым жіберілді.

6. Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғау (алдын ала деректер бойынша)

2011 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі - Комитет) жеке және заңды тұлғалардан 626 өтініш келіп түсті, оның ішінде: 547 жазбаша өтініштер және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) электрондық адресіне келіп түскен 56 өтініштер, факсимильді байланыс арқылы – 6 өтініштер және Қазақстан Республикасы Үкіметінің электронды порталының блог-платформасына (бұдан әрі – блог-платформа) Агенттік Төрайымының атына келіп түскен 17 өтініштер.

Бұл ретте, есепті кезеңде жеке тұлғалардың 637 өтініштері бар 20 ұжымдық өтініштер келіп түсті.

Сонымен, Комитетке келіп түскен өтініштердің жалпы саны 2011 жылғы сәуірде 1 243 болды.

Келіп түскен **626** өтініштердің ішінде:

– **328** өтініштер екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер) қатысты (жалпы санының 53,72%);

– **33** өтініштер – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 5,10%);

– **33** сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметтеріне қатысты (жалпы санының 5,10%);

– **14** бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметтеріне қатысты (жалпы санының 2,17%);

– **76** өтініштер жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметіне қатысты (бұдан әрі - ЖЗҚ) (жалпы санының 11,92%);

– **117** жеке және заңды тұлғалардың (оның ішінде қаржы ұйымдары) Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын түсіндіруді ұсыну туралы және Агенттіктің құзыретіне кіретін өзге мәселелері бойынша сұратулар (жалпы санының 18,12%);

– **25** Агенттіктің құзыретіне кірмейтін мәселелері бойынша өтініштер (жалпы санының 3,87%).